# Батыс Қазақстан облысының қоршаған ортаны қорғау саласындағы электрондық мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 20 мамырдағы № 72 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы әділет департаментінде 2013 жылғы 28 маусымда № 3301 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.01.2014 № 1 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған төмендегідей Батыс Қазақстан облысының қоршаған ортаны қорғау саласындағы электрондық мемлекеттік қызмет регламенттері бекітілсін:

1) "II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру";

2) "II, III және IV санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Е. Ғ. Салықовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі Н. Ноғаев*

2013 жылғы 20 мамырдағы № 72
Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
қаулысымен
бекітілген

## "II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға

**эмиссияға рұқсат беру"
электрондық мемлекеттік қызмет
регламенті**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы "II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент ) "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – қызмет беруші) немесе баламалы негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы (бұдан әрі – Орталық), "электрондық үкімет" www.e.gov.kz веб-порталы немесе " Е-лицензиялау" www.elicense.kz веб-порталы арқылы көрсетіледі.

2. "II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – қызмет) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 тамыздағы № 1033 қаулысымен бекітілген "II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет стандарты негізінде көрсетіледі (бұдан әрі – Стандарт).

3. Қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған ( медиа-алшақтықты қамтитын электрондық мемлекеттік қызмет).

4. Қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық қызмет.

5. Осы регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) алушы – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке немесе заңды тұлға;

2) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ақпарат ұсынуға арналған жүйе (бұдан әрі - АЖ);

3) бизнес сәйкестендіру нөмірі – заңды тұлғаға (филиал және өкілдікке) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - БСН);

4) "Е-лицензиялау" веб–порталы – берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, қайта қалпына келтірілген және қолданысы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ лицензиарлар беретін лицензиялардың сәйкестендіру нөмірлерін орталықтан қалыптастыратын, қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асырушы лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері) туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – " Е-Лицензиялау" МДБ АЖ);

5) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы – ақпаратты автоматтандырылған жинақтауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіру мақсатында жеке сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімін құруға және олардың өкілеттігі шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олар туралы өзекті және дұрыс ақпарат беруге арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЖТ МДБ);

6) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға, соның ішінде өзіндік кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - ЖСН);

7) "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы – аппараттық-бағдарламалық кешенді ақпаратты автоматтандырылған жинақтауға, сақтауға және өңдеуге, өткізуге және ұсынуға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЗТ МДБ);

8) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі (деректерді тұтынушы) - халыққа (жеке және заңды тұлғаларға), сондай-ақ тиісті министрліктер мен ведомстволардың Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қызмет ұсыну үдрісін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ХҚКО АЖ);

9) құрылымдық функционалдық бірліктер - мемлекеттік органдардың, мекемелердің немесе өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі және қызмет көрсету үдерісінде қатысатын ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ҚФБ);

10) пайдаланушы – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге өтінішпен келетін және оларды пайдаланатын субъект;

11) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

12) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

13) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды қолдана отырып электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

14) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және оның мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы (бұдан әрі – ЭЦҚ);

15) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮП);

16) "электрондық үкіметтің" шлюзі – электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру шеңберінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ).

## 2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі

6. ЭҮП арқылы қызмет берушінің (қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл № 1 диаграммасы) осы Регламенттің 2 қосымшасында келтірілген қадамдық әрекеттері мен шешімдері:

1) алушы ЭҮП тіркелуді алушының компьютеріндегі интернет-браузерінде сақталатын өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен жүзеге асырады (ЭҮП тіркелмеген алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – қызмет көрсету үшін алушымен ЭҮП паролін енгізу (авторизациялау үдерісі), алушының компьютеріндегі интернет-браузеріне ЭЦҚ тіркеу куәлігін қосу;

3) 1-шарт – тіркелген алушы туралы деректердің түпнұсқалығын логин (БСН/ЖСН) және пароль арқылы ЭҮП тексеру;

4) 2-үдеріс – алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты ЭҮП авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – алушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, алушы нысанды толтыруы үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (деректерді енгізу) қажетті құжаттарды электрондық түрде сұрау салу нысанына қосу;

6) 4-үдеріс – сұрау салуды куәландыру (қол қою) үшін алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

7) 2-шарт – ЭЦҚ тіркеу куәлігінің мерзімін және ЭҮП тіркеу куәлігінің қайта шақырылған (жойылған) тізімінде жоқтығын, сәйкестендіру деректерінің сұрау салуда көрсетілген БСН/ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген БСН/ЖСН арасындағы сәйкестілігін тексеру;

8) 5-үдеріс – алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-үдеріс – қызмет көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (енгізілген деректерді) алушының ЭЦҚ арқылы куәландыру (қол қою);

10) 7-үдеріс – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ электрондық құжатты (алушының сұрау салуы) тіркеу және "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұрау салуды өңдеу;

11) 3-шарт – рұқсат беру үшін алушының негізге және біліктілік талабына

сәйкестілігін қызмет берушімен тексеру;

12) 8-үдеріс – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

13) 9-үдеріс - алушының "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қалыптастырылған қызметті көрсету нәтижесін алуы (II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат). Электрондық құжат қызмет беруші уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ пайдалануымен қалыптастырылады.

7. Қызмет беруші арқылы (қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл № 2 диаграммасы) осы Регламенттің 2 қосымшасында келтірілген қадамдық әрекеттері мен шешімдері:

1) 1-үдеріс - қызметті көрсету үшін қызмет беруші қызметкерінің "Е-лицензиялау" МДБ АЖ логин және парольді енгізу (авторизациялау үдерісі);

2) 1-шарт - логин және пароль арқылы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызмет беруші тіркелген қызметкері туралы деректердің түпнұсқалығын тексеру;

3) 2-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

4) 3-үдеріс – қызмет берушінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару және алушы деректерін қызмет беруші қызметкерімен енгізу;

5) 4-үдеріс – алушы туралы сұрау салуды ЭҮШ арқылы ЖТ МДБ/ЗТ МДБ жіберу;

6) 2-шарт – алушының ЖТ МДБ/ЗТ МДБ деректерінің болуын тексеру;

7) 5-үдеріс – алушының ЖТ МДБ/ЗТ МДБ деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс – алушымен берілген қағаз нысандағы құжаттардың болуы және қажетті құжаттарды қызмет беруші қызметкерімен сканерден өткізу туралы белгіленген бөлімдегі сұрау салу нысанын толтыру және оны сұрау салу нысанына қосу;

9) 7-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұрау салуды тіркеу және "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызметі өңдеу;

10) 3-шарт – алушының біліктілік талаптарына және рұқсат беру негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі;

11) 8-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректеріндегі бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 9-үдеріс – алушының "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қалыптастырылған қызметті көрсету нәтижесін алуы (II, III және IV санат объектілері үшін

қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат). Электрондық құжат қызмет беруші уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ пайдалануымен қалыптастырылады.

8. ХҚКО АЖ арқылы Орталық операторының әрбір қадамдық әрекетер және шешімдер (қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл № 3 диаграммасы) осы Регламенттің 2 қосымшасында келтірілген:

1) 1-үдеріс - мемлекеттік қызметті көрсету үшін Орталық операторы ХҚКО АЖ логин және парольді енгізу үдерісі (авторизациялау үдерісі);

2) 2-үдеріс – Орталық операторының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару және алушы деректерін Орталық операторының енгізуі;

3) 3-үдеріс - алушы туралы сұрау салуды ЭҮШ арқылы ЖТ МДБ/ЗТ МДБ жіберу;

4) 1-шарт - алушының ЖТ МДБ/ЗТ МДБ деректерінің болуын тексеру;

5) 4-үдеріс - алушының ЖТ МДБ/ЗТ МДБ деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру;

6) 5-үдеріс - алушымен берілген қағаз нысандағы құжаттардың болуы және қажетті құжаттарды Орталық операторымен сканерден өткізу туралы белгіленген бөлімдегі сұрау салу нысанын толтыру, оны сұрау салу нысанына қосу және қызмет көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (енгізілген деректерді) ЭЦҚ арқылы куәландыру;

7) 6-үдеріс – Орталық операторының ЭЦҚ куәландырылған (қолы қойылған) электрондық құжатты (алушының сұрау салуын) ЭҮШ арқылы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ жіберуі;

8) 7-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ электрондық құжатты тіркеу;

9) 2-шарт - рұқсат беру үшін алушының негізге және біліктілік талабына сәйкестілігін қызмет берушімен тексеру;

10) 8-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

11) 9-үдеріс – алушының Орталық операторы арқылы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қалыптастырылған қызметті көрсету нәтижесін алуы (II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат).

9. Қызметке сұрау салуды және жауапты толтыру нысандары www.elicense.kz "Е-лицензиялау" веб-порталында келтірілген.

10. Алушының электрондық мемлекеттік қызмет бойынша сұрау салуының орындалу мәртебесін тексеру тәсілі: "электрондық үкімет" порталындағы " Қызмет алудың тарихы" бөлімінде, сондай-ақ "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекет мекемесіне немесе Орталықта жүгіну.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

11. Қызмет көрсету жөніндегі қажетті ақпаратты және кеңесті call–орталық 1414 телефоны бойынша алуға болады.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ тізбесі:

1) ЭҮП;

2) ЭҮШ;

3) ПШЭП;

4) "Е-лицензиялау" МДБ АЖ;

5) ЖТ МДБ/ЗТ МДБ;

6) ХҚКО АЖ;

7) қызмет беруші.

13. Әрбір іс-қимылдың орындау мерзімін көрсете отырып ҚФБ іс-қимылының (рәсімдер, функциялар, операциялар) кезектілігінің мәтінді кестелі сипаты ЭҮП арқылы (1 кесте), қызмет беруші арқылы (2 кесте) және Орталық арқылы (3 кесте), осы Регламенттің 1 қосымшасында келтірілген.

14. Әрекеттердің олардың сипатына сәйкес қисынды кезектілігі арасындағы өзара байланысты (электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде) көрсететін диаграммалар осы Регламентке 2 қосымшада келтірілген.

15. Алушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламентке 3 қосымшаға сәйкес сапа мен қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

16. Алушыларға электрондық қызметті көрсету үдерісіне қойылатын талаптар:

1) құпиялылық (ақпараттың рұқсат етілмеген алуынан қорғау);

2) тұтастық (ақпараттың рұқсат етілмеген өзгеруінен қорғау);

3) қол жетімділік (ақпараттың рұқсат етілмеген ұстап қалуы және ресурстардан қорғау).

17. Қызмет көрсетудің техникалық шарттары:

1) интернетке шығу;

2) рұқсат берілетін тұлғада БСН / ЖСН болуы;

3) ЭҮП авторизациялау;

4) пайдаланушыда ЭЦҚ болуы.

"II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет

р е г л а м е н т і н е
1 қосымша

# Әрбір іс-қимылдың орындау мерзімін көрсете отырып ҚФБ іс-қимылының (рәсімдер, функциялар, операциялар) кезектілігінің мәтінді кестелі сипаттау

1 кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-қимыл сипаттау

| Қызмет № (жұмыстар барысы, ағыны | 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|---|
| ҚФБ атауы | Алушы | ЭҮП | Алушы |
| Қызмет (үдерістің, рәсімдердің, операциялардың) атауы және олардың сипаттамалары | Алушының компьютеріндегі ғаламтор - браузерінде сақталатын өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен тіркелуді жүзеге асыруы | Алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты авторизациядан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Алушының қызметті таңдауы және қажетті құжаттарды электрондық түрде енгізіп, сұрау салу нысанын қалыптастыруы |
| Аяқтау формасы (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім) | Сұраныстың сәтті қалыптас-тырылуының көрсетілуі | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Сұраныстың сәтті қалыптас-тырылуының көрсетілуі |
| Орындалу мерзімі | 10–15 секунд | 20 секунд | 1,5 минут |
| Келесі қызмет нөмірі | 2 – егер алушының деректерінде бұзушылық бар болса; 3 – егер авторизациялау сәтті өтсе | – | - |

кестенің жалғасы

| 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|
| Алушы | ЭҮП | Алушы |
| Куәландыру үшін (сұрау салуға қол қою) ЭЦҚ таңдау | Алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сұрау салуды ЭЦҚ арқылы куәландыру (қол қою) |
| Сұранысты бағыттау | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Сұранысты бағыттау |
| 10–15 секунд | 10–15 секунд | 1,5 минут |
| 7 – егер ЭЦҚ қате болса; 8 – егер ЭЦҚ қатесіз болса | - | - |

кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 |
| "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | ЭҮП |
| "Е-лицензиялау" МДБ АЖ электрондық құжатты (алушының сұрау салуы) тіркеу және "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұрау салуды өңдеу | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық құжат) |
| Нөмір беру арқылы сұранысты тіркеу | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Рұқсат |
| 1,5 минут | - | 1 айдан артық емес |
| 10 - рұқсат беру үшін алушының негізге және біліктілік талабына сәйкестілігін қызмет берушімен тексеру | - | – |

2 кесте. Қызмет беруші арқылы ҚФБ іс-қимылын сипаттау

| Қызмет № (жұмыстар барысы, ағыны | 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|---|
| ҚФБ атауы | Қызмет беруші | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | Қызмет беруші |
| Қызмет (үдерістің, рәсімдердің, операциялардың) атауы және олардың сипаттамалары | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ авторизациялану | Деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты авторизациядан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Қызмет көрсетуді қызмет беруші қызметкерінің таңдауы |
| Аяқтау формасы (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім) | Сұраныстың сәтті қалыптас-тырылуының көрсетілуі | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Сұраныстың сәтті қалыптас-тырылуының көрсетілуі |
| Орындалу мерзімі | 10–15 секунд | 10 секунд | 1,5 минут |
| Келесі қызмет нөмірі | 1 - логин және пароль арқылы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызмет беруші тіркелген қызметкері туралы деректердің түпнұсқалығын тексеру | – | - |

кестенің жалғасы

| 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|
| ЗТ МДБ/ЖТ МДБ | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | Қызмет беруші |
| Алушы туралы сұрау салуды тексеруге ЗТ МДБ/ЖТ МДБ жіберу | Деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Құжаттарды тіркеумен сұрау салу нысанын толтыру |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Сұранысты бағыттау | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Сұраныстың сәтті қалыптастырылуының көрсетілуі |
| 1,5 минут | 1,5 минут | 10–15 секунд |
| 5 – егер алушының деректерінде бұзушылық бар болса;<br>6 – егер авторизациялау сәтті өтсе | - | - |

кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 |
| "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ |
| "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұрау салуды тіркеу және "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызмет көрсетуді өңдеу | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық құжат |
| Өтінішке нөмір беру арқылы сұранысты жүйеде тіркеу | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Рұқсат |
| 1,5 минут | - | 1 айдан артық емес |
| 8 - сұрау салу бойынша деректер "Е-лицензиялау" МДБ АЖ жоқ болса;<br>9 – егер сұрау салу бойынша деректер табылса | - | – |

## 3 кесте. Орталық арқылы ҚФБ іс-қимыл сипаттау

| Қызмет № (жұмыстар барысы, ағыны) | 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|---|
| ҚФБ атауы | ХҚКО АЖ | Орталық операторы | Орталық операторы |
| Қызмет (үдерістің, рәсімдердің, операциялардың) атауы және олардың сипаттамалары | Орталық операторының логин және пароль арқылы авторизациялануы | Қызмет көрсетуді таңдау және сұрау салу нысанын қалып-<br>тастырады | ЖТ МДБ/ЗТ МДБ сұрау салуды жіберу |
| Аяқтау формасы (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім) | Жүйеге өтінішке нөмір беру сұранысын тіркеу | Сұраныстың сәтті қалыптас-тырылуының көрсетілуі | Сұранысты бағыттау |
| Орындалу мерзімі | 30 секунд - 1 минут | 30 секунд | 1,5 минут |
| Келесі қызмет нөмірі | - | - | 4 - егер алушының деректерінде бұзушылық бар болса;<br>5 – егер бұзушылық болмаса |

кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| 4 | 5 | 6 |
| ЖТ МДБ/ЗТ МДБ | Орталық операторы | Орталық операторы |
| Алушы деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру | ЭЦҚ куәлігін және қажетті құжаттарды енгізіп сұрау салу нысанын толтыру | "Е-лицензиялау" МДБ ЭЦҚ операторымен куәландырылған құжатты бағыттау |
| Дәлелді бас тартуды қалыптастыру | Сұраныстың сәтті қалыптастырылуының көрсетілуі | Сұранысты бағыттау |
| 1,5 минут | 30 секунд – 1 минут | 1 минут |
| - | - | - |

кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 |
| "Е-лицензиялау" МДБ | "Е-лицензиялау" МДБ | "Е-лицензиялау" МДБ |
| Құжатты тіркеу | Алушы деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық құжат |
| Өтінішке нөмір беру арқылы сұранысты жүйеде тіркеу | Дәлелді бас тартуды қалыптастыру | Рұқсат |
| 1 минут | 30 секунд – 1 минут | 1 айдан артық емес |
| 8 – егер бұзушылық бар болса; 9 – егер бұзушылық болмаса | - | – |

"II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
2 қосымша

## Әрекеттердің олардың сипатына сәйкес қисынды кезектілігі арасындағы өзара байланысты (мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде) көрсететін диаграмма

ЭҮП арқылы қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл № 1 диаграммасы




Қызмет беруші арқылы қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 2 диаграммасы




Орталық арқылы қызметті көрсету кезінде функционалдық өзара іс-қимылдың № 3 диаграммасы




# Шартты белгілер

| | |
|---|---|
| | Бастапқы хабарлама |
| | Соңғы хабарлама |
| | Аралық хабарлама |
| | Қарапайым соңғы жағдайлар |
| | Қате |
| АЖ | Ақпараттық жүйе |
| Үдеріс | Үдеріс |
| Шарт | Шарт |
| | Басқару ағыны |
| | Хабарламалар ағыны |
| | Нақты алушыға берілетін электрондық құжат |

"II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру"

электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
3 қосымша

## Электрондық мемлекеттік қызметтің "сапалылық" және "қол жетімділік" көрсеткіштерін анықтауға арналған сауалнама түрі

____________________________________________
(қызмет атауы)

1. Сіз мемлекеттік электрондық қызмет көрсету үрдісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанбаймын;
2) ішінара қанағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

2. Сіз мемлекеттік электрондық қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат сапасына қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанбаймын;
2) ішінара қанағаттанамын;
3)қанағаттанамын.

2013 жылғы 20 мамырдағы № 72 Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен бекітілген

## "II, III және IV санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы "II, III және IV санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті ( бұдан әрі – Регламент) "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекет мекемесімен (бұдан әрі – қызмет беруші), "электрондық үкімет" www.e.gov.kz веб-порталы немесе

www.elicense.kz "Е-лицензиялау" веб-порталы арқылы көрсетіледі.

2. "ІІ, ІІІ және IV санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" электрондық мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – қызмет) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 тамыздағы № 1033 қаулысымен бекітілген "ІІ, ІІІ және IV санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" мемлекеттік қызмет Стандартына сәйкес көрсетіледі (бұдан әрі – Стандарт).

3. Қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған (медиа-алшақтықты қамтитын электрондық мемлекеттік қызмет).

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық қызмет.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) алушы – электрондық мемлекеттік қызметті көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

2) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе (бұдан әрі - АЖ);

3) бизнес сәйкестендіру нөмірі – заңды тұлғаға (филиал және өкілдікке) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - БСН);

4) "Е-лицензиялау" веб-порталы – берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, қайта қалпына келтірілген және қолданысы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ лицензиарлар беретін лицензиялардың сәйкестендіру нөмірлерін орталықтан қалыптастыратын, қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асырушы лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері) туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – "Е-Лицензиялау" МДБ АЖ);

5) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы – ақпаратты автоматтандырылған жинақтауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіру мақсатында жеке сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімін құруға және олардың өкілеттігі шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олар туралы өзекті және дұрыс ақпарат беруге арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЖТ МДБ);

6) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға, соның ішінде өзіндік кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - ЖСН);

7) "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы – аппараттық-бағдарламалық кешенді ақпаратты автоматтандырылған жинақтауға, сақтауға және өңдеуге, өткізуге және ұсынуға арналған ақпараттық жүйе (бұдан

әрі – ЗТ МДБ);
8) құрылымдық функционалдық бірліктер - мемлекеттік органдардың, мекемелердің немесе өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі және қызмет көрсету үдерісінде қатысатын ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ҚФБ);
9) пайдаланушы – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге өтінішпен келетін және оларды пайдаланатын субъект;
10) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;
11) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;
12) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды қолдана отырып электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;
13) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және оның мазмұнының тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы (бұдан әрі – ЭЦҚ);
14) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе (бұдан әрі - ЭҮП);
15) "электрондық үкіметтің" шлюзі – электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру шеңберінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ).

## 2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі

6. ЭҮП арқылы қызмет берушінің (қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл № 1 диаграммасы) осы Регламенттің 2 қосымшасында келтірілген қадамдық әрекеттері мен шешімдері:
1) алушы ЭҮП тіркелуді алушының компьютеріндегі интернет-браузерінде сақталатын өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен жүзеге асырады (ЭҮП тіркелмеген алушылар үшін жүзеге асырылады);
2) 1-үдеріс – қызмет көрсету үшін алушымен ЭҮП паролін енгізу (авторизациялау үдерісі), алушының компьютеріндегі интернет-браузеріне ЭЦҚ тіркеу куәлігін қосу;
3) 1-шарт – тіркелген алушы туралы деректердің түпнұсқалығын логин (БСН/ЖСН) және пароль арқылы ЭҮП тексеру;

4) 2-үдеріс – алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты ЭҮП авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – алушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, алушы нысанды толтыруы үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (деректерді енгізу) қажетті құжаттарды электрондық түрде сұрау салу нысанына қосу;

6) 4-үдеріс – сұрау салуды куәландыру (қол қою) үшін алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

7) 2-шарт – ЭЦҚ тіркеу куәлігінің мерзімін және ЭҮП тіркеу куәлігінің қайта шақырылған (жойылған) тізімінде жоқтығын, сәйкестендіру деректерінің сұрау салуда көрсетілген БСН/ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген БСН/ЖСН арасындағы сәйкестілігін тексеру;

8) 5-үдеріс – алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-үдеріс – қызмет көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (енгізілген деректерді) алушының ЭЦҚ арқылы куәландыру (қол қою);

10) 7-үдеріс – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ электрондық құжатты (алушының сұрау салуы) тіркеу және "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұрау салуды өңдеу;

11) 3-шарт – рұқсат беру үшін алушының негізге және біліктілік талабына сәйкестілігін қызмет берушімен тексеру;

12) 8-үдеріс – "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

13) 9-үдеріс - алушының "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қалыптастырылған қызметті көрсету нәтижесін алуы (II, III және IV санат объектілері үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру). Электрондық құжат қызмет беруші уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ пайдалануымен қалыптастырылады.

7. Қызмет беруші арқылы (қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл № 2 диаграммасы) осы Регламенттің 2 қосымшасында келтірілген қадамдық әрекеттері мен шешімдері:

1) 1-үдеріс - қызметті көрсету үшін қызмет беруші қызметкерінің "Е-лицензиялау" МДБ АЖ логин және парольді енгізу (авторизациялау үдерісі);

2) 1-шарт - логин және пароль арқылы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызмет беруші тіркелген қызметкері туралы деректердің түпнұсқалығын тексеру;

3) 2-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

4) 3-үдеріс – қызмет берушінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару және алушы деректерін қызмет беруші қызметкерімен енгізу;

5) 4-үдеріс – алушы туралы сұрау салуды ЭҮШ арқылы ЖТ МДБ/ЗТ МДБ жіберу;

6) 2-шарт – алушының ЖТ МДБ/ЗТ МДБ деректерінің болуын тексеру;

7) 5-үдеріс – алушының ЖТ МДБ/ЗТ МДБ деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс – алушымен берілген қағаз нысандағы құжаттардың болуы және қажетті құжаттарды қызмет беруші қызметкерімен сканерден өткізу туралы белгіленген бөлімдегі сұрау салу нысанын толтыру және оны сұрау салу нысанына қосу;

9) 7-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұрау салуды тіркеу және " Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызметі өңдеу;

10) 3-шарт – алушының біліктілік талаптарына және қорытындысы беру негіздеріне сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі;

11) 8-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректеріндегі бұзушылықтардың болуына байланысты сұрау салынатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 9-үдеріс – алушының "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қалыптастырылған қызметті көрсету нәтижесін алуы (қағаз тасығышта немесе уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат түрінде II, III және IV санат объектілері үшін "келісіледі/келісілмейді" нәтижесімен мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабын беру). Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдалана отырып қалыптастырылады.

8. Қызметке сұрау салуды және жауапты толтыру нысандары www.elicense.kz "Е-лицензиялау" веб-порталында келтірілген.

9. Алушының электрондық мемлекеттік қызмет бойынша сұрау салуының орындалу мәртебесін тексеру тәсілі: "электрондық үкімет" порталындағы " Қызмет алудың тарихы" бөлімінде, сондай-ақ "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекет мекемесіне жүгіну.

10. Қызметті көрсету жөніндегі қажетті ақпаратты және кеңесті call–орталықтың 1414 телефоны бойынша алуға болады.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

11. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ тізбесі:
1) ЭҮП;
2) ЭҮШ;
3) ЭҮАШ;
4) "Е-лицензиялау" МДБ АЖ;
5) ЖТ МДБ/ЗТ МДБ;
6) қызмет беруші.

12. Әрбір іс-қимылдың орындау мерзімін көрсете отырып ҚФБ іс-қимылының (рәсімдер, функциялар, операциялар) кезектілігінің мәтінді кестелі сипаты ЭҮП арқылы (1 кесте) және қызмет беруші арқылы (2 кесте), осы Регламенттің 1 қосымшасында келтірілген.

13. Әрекеттердің олардың сипатына сәйкес қисынды кезектілігі арасындағы өзара байланысты (электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде) көрсететін диаграммалар осы Регламентке 2 қосымшада келтірілген.

14. Алушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламенттің 3 қосымшасына сәйкес сапа мен қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

15. Алушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қойылатын талаптар:
1) құпиялылық (ақпараттың рұқсат етілмеген алуынан қорғау);
2) тұтастық (ақпараттың рұқсат етілмеген өзгеруінен қорғау);
3) қол жетімділік (ақпараттың рұқсат етілмеген ұстап қалуы және ресурстардан қорғау).

"II, III және IV санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
1 қосымша

## Әрбір іс-қимылдың орындау мерзімін көрсете отырып ҚФБ іс-қимылының (рәсімдер, функциялар, операциялар) кезектілігінің мәтінді кестелі сипаттау

1 кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-қимыл сипаттау

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қызмет № (жұмыстар барысы, ағыны | 1 | 2 | 3 |
| ҚФБ атауы | Алушы | ЭҮП | Алушы |
| Қызмет (үдерістің, рәсімдердің, операциялардың) атауы және олардың сипаттамалары | Алушының компьютеріндегі ғаламтор - браузерінде сақталатын өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен тіркелуді жүзеге асыруы | Алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты авторизациядан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Алушының қызметті таңдауы және қажетті құжаттарды электрондық түрде енгізіп, сұрау салу нысанын қалыптастыруы |
| Аяқтау формасы (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім) | Сұраныстың сәтті қалыптас-тырылуының көрсетілуі | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Сұраныстың сәтті қалыптас-тырылуының көрсетілуі |
| Орындалу мерзімі | 10–15 секунд | 20 секунд | 1,5 минут |
| Келесі қызмет нөмірі | 2 – егер алушының деректерінде бұзушылық бар болса;<br>3 – егер авторизациялау сәтті өтсе | – | - |

кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| 4 | 5 | 6 |
| Алушы | ЭҮП | Алушы |
| Куәландыру үшін (сұрау салуға қол қою) ЭЦҚ таңдау | Алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Сұрау салуды ЭЦҚ арқылы куәландыру (қол қою) |
| Сұранысты бағыттау | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Сұранысты бағыттау |
| 10–15 секунд | 10–15 секунд | 1,5 минут |
| 7 – егер ЭЦҚ қате болса;<br>8 – егер ЭЦҚ қатесіз болса | - | - |

кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 |
| "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | ЭҮП |
| "Е-лицензиялау" МДБ АЖ электрондық құжатты (алушының сұрау салуы) тіркеу және "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұрау салуды өңдеу | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық құжат) |
| Нөмір беру арқылы сұранысты тіркеу | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Қорытынды |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1,5 минут | - | 1 айдан артық емес |
| 10 - рұқсат беру үшін алушының негізге және біліктілік талабына сәйкестілігін қызмет берушімен тексеру | - | – |

## 2 кесте. Қызмет беруші арқылы ҚФБ іс-қимылын сипаттау

| Қызмет № (жұмыстар барысы, ағыны | 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|---|
| ҚФБ атауы | Қызмет беруші | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | Қызмет беруші |
| Қызмет (үдерістің, рәсімдердің, операциялардың) атауы және олардың сипаттамалары | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ авторизациялану | Деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты авторизациядан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Қызмет көрсетуді қызмет беруші қызметкерінің таңдауы |
| Аяқтау формасы (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім) | Сұраныстың сәтті қалыптас-тырылуының көрсетілуі | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Сұраныстың сәтті қалыптас-тырылуының көрсетілуі |
| Орындалу мерзімі | 10–15 секунд | 10 секунд | 1,5 минут |
| Келесі қызмет нөмірі | 1 - логин және пароль арқылы "Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызмет беруші тіркелген қызметкері туралы деректердің түпнұсқалығын тексеру | – | - |

кестенің жалғасы

| 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|
| ЗТ МДБ/ЖТ МДБ | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | Қызмет беруші |
| Алушы туралы сұрау салуды тексеруге ЗТ МДБ/ЖТ МДБ жіберу | Деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Құжаттарды тіркеумен сұрау салу нысанын толтыру |
| Сұранысты бағыттау | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Сұраныстың сәтті қалыптастырылуының көрсетілуі |
| 1,5 минут | 1,5 минут | 10–15 секунд |
| 5 – егер алушының деректерінде бұзушылық бар болса;<br>6 – егер авторизациялау сәтті өтсе | - | - |

кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 |
| "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ |
| "Е-лицензиялау" МДБ АЖ сұрау салуды тіркеу және " Е-лицензиялау" МДБ АЖ қызмет көрсетуді өңдеу | "Е-лицензиялау" МДБ АЖ алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру | Электрондық құжат |
| Өтінішке нөмір беру арқылы сұранысты жүйеде тіркеу | Сұралған қызметті көрсетуге бас тарту туралы хабарландырудың көрсетілуі | Қорытынды |
| 1,5 минут | - | 1 айдан артық емес |
| 8 - сұрау салу бойынша деректер " Е-лицензиялау" МДБ АЖ жоқ болса;<br>9 – егер сұрау салу бойынша деректер табылса | - | – |

"II, III және IV санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
2 қосымша

## Әрекеттердің олардың сипатына сәйкес қисынды кезектілігі арасындағы өзара байланысты (мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде) көрсететін диаграмма

ЭҮП арқылы қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл
№ 1 диаграммасы




Қызмет беруші арқылы қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл № 2 диаграммасы



## Шартты белгілер

| | |
|---|---|
| | Бастапқы хабарлама |
| | Соңғы хабарлама |
| | Аралық хабарлама |
| | Қарапайым соңғы жағдайлар |
| | Қате |
| АЖ | Ақпараттық жүйе |
| Үдеріс | Үдеріс |
| Шарт | Шарт |
| | Басқару ағыны |
| | Хабарламалар ағыны |
| | Нақты алушыға берілетін электрондық құжат |

"II, III және IV санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
3 қосымша

## Электрондық мемлекеттік қызметтің "сапалылық" және "қол жетімділік" көрсеткіштерін анықтауға арналған сауалнама түрі

________________________________________________
(қызмет атауы)

1. Сіз мемлекеттік электрондық қызмет көрсету үрдісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанбаймын;
2) ішінара қанағаттанамын;
3) қанағаттанамын.

2. Сіз мемлекеттік электрондық қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат сапасына қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанбаймын;

2) ішінара қанағаттанамын;
3)қанағаттанамын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК